

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Канада арасында
Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт жасасу туралы"
Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 583 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Канада арасында Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт жасасу туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы Қазақстан Республикасы мен Канада арасында
Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық
көмек туралы шарт жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы мен Канада арасында құқықтық қатынастар саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты орнату мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Канада арасында Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарттың жобасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасы мен Канада арасында Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт жасалсын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасы мен Канада арасындағы
Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы
шарт**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Канада, ынтымақтастық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету

негізінде екі елде қылмыстарды тергеудің, қылмыстық қудалау мен олардың алдын алудың тиімділігін арттыруға ниет білдіре отырып, мына төмендегілер туралы уағдаласты:

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Өзара құқықтық көмек көрсету

1. Тараптар осы Шартқа сәйкес қылмыстық істер бойынша бір-біріне өзара құқықтық көмек көрсетуге міндеттенеді.

2. Өзара құқықтық көмек деп ол сұратылғанына не сот немесе қандай да болмасын басқа орган көрсетуіне тиіс екендігіне қарамастан, сұрау салған Тарапта жүргізіліп жатқан қылмыстық тергеу немесе қудалау мәселелері бойынша сұрау салынған Тарап көрсететін кез келген көмек түсіндіріледі.

3. "Қылмыстық істер" деген термин мынаны білдіреді:

Қазақстан Республикасы үшін - қаралуы қылмыстық қудалау мәселелері бойынша соттар мен құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын істер;

Канада үшін - Парламент шығарған заңға немесе провинцияның заңнамасына сәйкес қылмыс болып табылатын әрекеттерге қатысты тергеу мен соттық қудалау.

2-бап. Құқықтық көмектің көлемі

Қ ұ қ ы қ т ы қ к ө м е к :

1) адамдар мен заттардың табылуы мен сәйкестендірілуін;

2) адамның жеке келуі туралы сұраныс жасалған құжаттарды қоса алғанда, құ ж а т т а р д ы т а п с ы р у д ы ;

3) ақпарат пен құжаттарды беруді;

4) заттай айғақтарды уақытша беруді қоса алғанда, заттарды беруді;

5) тінтуді және алып қоюды;

6) дәлелдер мен көрсетпелерді жинауды;

7) құқықтық көмекті көрсету туралы өтініштерді орындау кезінде сұрау салынған Тараптан адамның қатысуына рұқсат беруді;

8) көрсетпе беруге немесе тергеуде көмек көрсетуге қамауда отырған адамдардың к е л у і н қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

9) куәгерлердің келуін қамтамасыз етуге көмек көрсетуді не тергеу жүргізіп жатқан а д а м д а р ғ а ж ә р д е м д е с у д і ;

10) қылмыстық жолмен алынған кірістерді табу, оларға тыйым салу және тәркілеу ж ө н і н д е ш а р а л а р қ а б ы л д а у д ы ;

11) егер бұл осы Шарттың мақсаттарына қайшы келмейтін болса, өзге де құқықтық көмек беруді қамтиды.

3-бап. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштерді орындау

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштер сұрау салынған Тараптың заңнамасына сәйкес және егер бұған олар тыйым салмаса, сұрау салған Тарап көрсеткен тәртіппен дереу орындалады.

2. Сұрау салынған Тарап тиісті сұрату бойынша сұрау салған Тарапқа құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің орындалу күні мен орны туралы ақпарат береді.

3. Сұрау салынған Тарап заңнамасымен тыйым салынбаған көлемде құқықтық көмек көрсету туралы өтініште көрсетілген адамдарға оның орындалуы кезінде қатысуға рұқсат етіледі.

4-бап. Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту немесе оның мерзімін ұзарту

1. Егер сұрау салынған Тараптың пікірі бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің орындалуы оның егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне, елеулі мемлекеттік мүдделеріне зиян келтіретін болса не қандай болмасын адамның қауіпсіздігіне қатер төндірілетін болса, құқықтық көмек көрсетуден бас тартылуы м ү м к і н .

2. Егер құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің орындалуы сұрау салынған Тарап жүргізетін тергеуге немесе соттық қудалауға кедергі жасауы мүмкін болса, сұрау салған Тарап құқықтық көмек көрсетудің мерзімін ұзартуы мүмкін.

3. Сұрау салынған Тарап құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті толық не ішінара орындамауға не оның орындалуының мерзімін ұзартуға өзінің шешімі туралы сұрау салған Тарапқа мұндай шешімнің себебін хабарлай отырып, дереу ақпарат береді.

4. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындаудан бас тартар не оны орындаудың мерзімін ұзарту алдында сұрау салынған Тарап өзі қажет деп санаған шарттармен құқықтық көмек берудің барлық мүмкіндіктерін қарастырады. Егер сұрау салған Тарап көмекті осы шарттармен қабылдаса, ол соларды сақтауы тиіс.

II тарау. Арнайы ережелер

5-бап. Адамдар мен заттарды табу және сәйкестендіру

Сұрау салынған Тараптың құзыретті органдары құқықтық көмек көрсету туралы өтініште көрсетілген адамдар мен заттардың орналасқан жерін анықтау және сәйкестендіру үшін бар күш-жігерін салады.

6-бап. Құжаттарды тапсыру

1. Сұрау салынған Тарап осы мақсатта өзіне берілген құжаттарды тапсыруға м і н д е т т е н е д і .

2. Сұрау салған Тарапқа жауап беруді немесе келуді ұйғаратын құжатты, мұндай жауап беру немесе келу үшін тағайындалған мерзімге дейінгі уақыттың орынды

шегінде тапсыру туралы өтінішті сұрау салған Тарап береді.

3. Сұрау салған Тараптың көрсеткен әдіспен құжаттарды тапсырудың расталуын сұрау салынған Тарап жолдайды.

7-бап. Ақпаратты, құжаттарды және заттарды беру

1. Сұрау салынған Тарап мемлекеттік мекемелер мен органдардың құжаттарын қоса алғанда, ашық рұқсаты бар ақпаратты және құжаттардың көшірмелерін беруге м і н д е т т е н е д і .

2. Сұрау салынған Тарап мемлекеттік органда немесе мекемеде бар, бірақ ашық рұқсаты жоқ ақпаратты, құжаттарды және заттарды, егер олар өзінің жеке құқық қорғау және сот органдарына берілетін сол көлем мен сондай шарттарда беруі мүмкін.

3. Егер сұрау салған Тарап түпнұсқаларды сұратып алмаса, сұрау салынған Тарап құжаттардың расталған көшірмелерін беруі мүмкін.

4. Сұрау салған Тарапқа берілген құжаттардың немесе заттардың түпнұсқалары сұрау салынған Тарапқа соңғысының сұратуы бойынша дереу қайтарылады.

5. Сұрау салынған Тараптың заңнамасына қаншалықты бұл тыйым салынбаған болса, құжаттар немесе заттар сұрау салған Тараптың заңнамасына сәйкес олардың рұқсат етілуін қамтамасыз ету мақсатында, сұрау салған Тарап көрсеткен күйде беріледі немесе сол бетінде расталады.

8-бап. Тінту және алып қою

1. Сұрау салынған Тарап тінтуді және алып қоюды жүргізу туралы өтінішті о р ы н д а у ғ а м і н д е т т е н е д і .

2. Тінтуді және алып қоюды жүргізу туралы өтінішті орындаған құзыретті орган құжаттар мен заттарды сәйкестендіруге, олардың жағдайына, толықтығы мен иелілігіне қатысты, бірақ тек қана олар емес және оларды алып қою жүргізілген кезіндегі жағдайға қатысты сұрау салған Тарап сұрау салуы мүмкін ақпаратты береді.

9-бап. Дәлелдерді жинау

1. Көрсетпелерді беруге және құжаттарды немесе заттарды көрсетуге сұрау салынатын сұрау салынған Тараптың адамы қажет болған кезде сұрау салынған Тараптың заңнамасына сәйкес құзыретті органға немесе сотқа көрсетпелерді беруге және осы құжаттарды немесе заттарды көрсетуге шақырылады.

2. Сұрау салынған Тараптың заңнамасында тыйым салынбаған көлем мен тәртіппен сұрау салған Тараптың мемлекеттік қызметшілеріне және құқықтық көмек көрсету туралы өтініште көрсетілген басқа адамдарға Сұрау салынған Тараптың аумағында өтініштің орындалуы кезінде және өткізілетін іс жүргізуге қатысуға рұқсат етіледі.

3. Іс жүргізуге қатысу құқығына сұрақтар қою құқығы жатады. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің орындалуы кезінде қатысушы адамдарға іс жүргізу іс-әрекеттерінің сөзбе-сөз жазбасын жүргізуге рұқсат етіледі. Осындай сөзбе-сөз жазбаны жүзеге асыру үшін техникалық құралдарды пайдалануға рұқсат етіледі.

10-бап. Дәлелдерді келтіру немесе тергеуге көмек көрсету

Сұрау салған Тараптың өтініші бойынша сұрау салған Тарап тергеуге көмек көрсетуге немесе сұрау салған Тарапқа куәгер ретінде келуге адам шақырады және оның келісімін сұратып алады. Бұл ретте өтініште сұрау салған Тарап барлық төленетін шығыстар туралы ақпарат береді.

11-бап. Көрсетпе беру немесе тергеуге көмек көрсету мақсатында қамауда отырған адамдардың келуін

қамтамасыз ету

1. Сұрау салынған Тараптың заңи құзыреті шегінде сұрау салған Тараптың талабы бойынша қамауда отырған адам тергеу жүргізуге жәрдем көрсету үшін немесе іс жүргізуде куәгерлік көрсетпелер беру үшін, мұндай адам беруге еркімен келісім берген кезде және егер мұндай адамды тапсыруға кедергі келтіретін негіз болмаса, сұрау салған Тарапқа уақытша тапсырылуы тиіс. Сұрау салған Тарап мұндай адамды қамауда ұстайды және оны сұрау салудың орындалуы аяқталған соң сұрау салынған Тарапқа қ а й т а р у ы т и і с .

2. Шығарылған үкімнің мерзімі өткен жағдайда немесе сұрау салынған Тарап осы адамды қамауда ұстау қажетінің жоқ екендігін сұрау салған Тарапқа хабарлаған кезде, бұл адам босатылуы тиіс және оған қатысты осы Шарттың 10-бабының ережелері қолданылады.

12-бап. Қауіпсіздіктің кепілдіктері

1. Сұрау салған Тараптың аумағындағы адам, осы аумақта оның болуы қажеттігі туралы өтінішке сәйкес 11-баптың 1-параграфында көзделгендерден басқа, ешқандай жағдайда қамауға алынуы немесе жеке бостандығының кез келген басқа да шектелуі мүмкін емес; бұл адам, сондай-ақ қандай болмасын әрекеттері немесе осы адамның сұрау салынған Тараптың заңи құзыретінен шығуды тудыратын әрекетсіздігі үшін соттық қудалауға душар болуы мүмкін емес. Мұндай кепілдіктер осы адам сұрау салған Тараптың аумағында осындай әрекеттерді немесе әрекетсіздіктерді жасағаны үшін өзін кінәлі деп таныған жағдайда да беріледі, сондай-ақ мұндай адам осы өтініш жататыннан басқа, ешқандай басқа іс бойынша көрсетпе беруге міндетті емес.

2. Егер адам сұрау салған Тараптың заңи құзыреті тастап кетуі не мүмкіндігі бола тұра, оның енді болуы бұдан былай талап етілмейтіні туралы ресми хабарлама алған сәттен бастап отыз күн ішінде оны тастап кетпесе немесе мұндай заңи құзыреттен кетіп қалып, бұл адам өз еркімен оған қайтып келген жағдайда, осы Баптың 1-параграфы қ о л д а н ы л у ғ а ж а т п а й д ы .

3. Сұрау салған Тараптың заңи құзыретімен келуден бас тартқан кез келген адамға бұл үшін сұрау салынған немесе сұрау салған Тараптарда ешқандай санкцияларға немесе мәжбүрлеу шараларына тартылуы мүмкін емес.

13-бап. Қылмыстық жолмен алынған кірістер

1. Сұрау салынған Тарап өтініш бойынша, оның аумағында қылмыстық жолмен алынған қандай да болмасын кірістердің анықталғандығын белгілеу үшін барлық

күш-жігерін жұмсайды және өзінің күш-жігерінің нәтижелері туралы сұрау салған
Т а р а п қ а х а б а р л а й д ы .

2. Осы Баптың 1-параграфына сәйкес жобамен қылмыстық жолмен алынған кірістер табылса, сұрау салынған Тарап оларды тұтқындау және кейіннен тәркілеуді қамтамасыз ету мақсатында оның заңнамасында рұқсат берілген шараларды қ а б ы л д а й д ы .

3. Тараптар әрбір нақты жағдайда:

1) қылмыстық жолмен алынған;

2) құқықтық көмек көрсету туралы өтінішке байланысты тәркіленген, осы кірістерге үшінші адамдардың құқықтарын ескере отырып, осы Баптың ережелеріне сәйкес бағытталған кірістерді тапсыру туралы уағдаласады.

III тарау. Рәсім

14-бап. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштердің мазмұны

1. Барлық жағдайда құқықтық көмек көрсету туралы өтініште: өтініш жасаған тергеу немесе соттық қудалау жүргізетін құзыретті орган; іс жүзіндегі жағдайлардың қысқаша мазмұны мен қолданылатын заңдар мәтіндерінің көшірмесін қоса алғанда, тергеудің немесе соттық қудалаудың сипаты; өтінішті беру мақсаты мен сұрау салынған көмектің мазмұны; сақтауды талап етуші құпиялылықтың дәрежесі және тиісті негіздемелер; өтініштің орындалу мерзімдері көрсетілуі тиіс.

2. Мынадай жағдайларда құқықтық көмек көрсету туралы өтініш: дәлелдерді жинау туралы өтінішті жолдаған жағдайда тінту және алып қоюды жүргізгенде не қылмыстық жолмен алынған кірістер анықталғанда, оларға тыйым салғанда немесе тәркілегенде - қылмыстық жолмен алынған дәлелдерді немесе кірістерді сұрау салынған Тараптың аумағында табылуы мүмкіндігін растайтын а қ п а р а т т ы ;

адамдардың көрсетпелерін жинау туралы өтінішті жолдаған жағдайда - антпен айтылған көрсетпелер талап етілетіні немесе салтанатты өтінішпен немесе заңда көзделген басқа тәсілмен расталған нұсқауды, сондай-ақ сұратылатын көрсетпелердің немесе өтініштердің түрін мазмұндауды;

заттай айғақтарды уақытша тапсырған жағдайда - сұрау салынған Тараптың аумағындағы заттай айғақтардың нақты орналасқан жерін және сұрау салған Тарапта заттай айғақтарды сақтайтын адамды немесе адамдардың санатын көрсетуді, заттай айғақтарды жеткізу жерлерін, жүргізілуі тиіс кез келген тексерулерді және заттай айғақтардың қайтарылу күнін;

қамауда отырған адамдардың келуін қамтамасыз еткен жағдайда - оларды тапсыру

кезінде қамауда ұстайтын адамды немесе адамдардың санатын, жеткізу жерін және оларды қайтару күнін көрсетуді қамтуы тиіс.

3. Қажет болған кезде және мүмкіндігіне қарай құқықтық көмек көрсету туралы өтініштер:

адамның немесе тергеу немесе соттық қудалау жүргізіліп жатқан адамдардың жеке тұлғасы, азаматтығы және тұрғылықты жері;

сұрау салынған Тараптың пікірі бойынша орындалуға тиісті кез келген нақты рәсімнің немесе талаптың толық мазмұны және тиісті негіздемесі көрсетілуі қажет.

4. Егер сұрау салынған Тарап құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау үшін ақпарат жеткіліксіз деп санаса, ол қосымша мәліметтерді сұратып алуына болады.

5. Өтініш жазбаша нысанда жасалады. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда құқықтық көмек көрсету туралы өтініш ауызша айтылуы мүмкін, бірақ содан кейін жазбаша түрде дереу расталуы тиіс.

15-бап. Орталық органдар

1. Осы Шарттың мақсаттары үшін құқықтық көмек көрсету туралы барлық өтініштерді орталық органдар береді және алады. Орталық органдарға:

Қазақстан Республикасының тарапынан - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;

Канада тарапынан - Әділет министрі немесе ол өкілеттік берген ресми адам жатады.

16-бап. Құпиялылық

1. Сұрау салған Тараппен консультациядан кейін сұрау салынған Тарап ақпарат не дәлелдер, сондай-ақ олардың көздері құпия ретінде сақталуын не тек қана сұрау салынған Тарап көрсете алатын шарттарға сәйкес жариялауын немесе пайдаланылуын талап етуі мүмкін.

2. Сұрау салған Тарап өтініштің, оның мазмұнының, ілеспе құжаттардың және өтінішке сәйкес қабылданған кез келген әрекеттердің құпия түрде сақталуын талап етуі мүмкін. Егер өтініш құпиялылықты бұзбай орындалмайтын болса, онда сұрау салынған Тарап өтінішті орындамастан бұрын, осы туралы сұрау салған Тарапты хабардар етуі тиіс және соңғысы өтініш кез келген жағдайда міндетті түрде орындалуы тиіс екендігін айқындайды.

17-бап. Ақпаратты және айғақтық материалдарды пайдалануды шектеу

Сұрау салған Тарап ақпаратты немесе дәлелдерді сұрау салынған Тараптың орталық органының алдын ала келісімінсіз, құқықтық көмек көрсету туралы өтініште көрсетілгеннен өзге мақсаттарда жарияламауы не пайдаланбауы тиіс.

18-бап. Куәлік

Осы Шарттың 7-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа сәйкес тапсырылған құжаттар мен заттар қандай болмасын куәліктің нысанын талап етпейді.

19-бап. Тілі

Қазақстан Республикасынан жолданған сұрау салулар мен оларға қоса берілетін құжаттар ағылшын немесе француз тілдеріндегі аудармаларымен бірге жүруі тиіс. Канададан жолданған сұрау салу мен оған тіркелетін құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріндегі құжаттармен бірге жүруі тиіс.

20-бап. Құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығыстар

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштердің орындалуына байланысты шығыстарды сұрау салынған Тарап төлейді, сұрау салған Тарап мынадай жағдайларда т ө л е й д і :

- сұрау салған Тараптың өтініші бойынша сұрау салған Тараптың аумағынан немесе аумағына адамды жеткізуге байланысты шығыстарды және сұрау салған Тараптың аумағында болған уақытында осы Шарттың 10 немесе 11-баптарына сәйкес бұл адамға төленетін барлық шығыстардың сарапшылардың шығыстары мен олардың қ а л а м а қ ы л а р ы н ;

- жазбаша, ауызша аудармаға және хаттамаларды толтыруға байланысты ш ы ғ ы с т а р д ы .

2. Егер құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау қосымша төтенше шығыстарды талап ететіні анықтала бастаса, сұрату алған құқықтық көмек көрсетілуі мүмкін Тараптар шарттарды айқындау мақсатында консультация жүргізеді.

IV тарау. Қорытынды ережелер

21-бап. Өзге құқықтық көмек

Осы Шарт басқа шарттарға, келісімдерге және өзге де уағдаластықтарға сәйкес Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды, сондай-ақ басқа шарттар мен келісімдерге сәйкес Тараптардың бір-біріне көмек көрсетуіне не көмек көрсетуді жалғастыруына кедергі жасамайды.

22-бап. Консультация

Тараптардың біреуінің өтініші бойынша Тараптар дереу осы Шартты түсіндіруге және қолдануға қатысты консультациялар жүргізеді.

23-бап. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Тараптар өзара келісім бойынша осы Шарттың мәтініне өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

24-бап. Шарттың күшіне енуі және оның қолданылуын тоқтату

1. Осы Шарт Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті өзінің барлық ішкі заңды рәсімдерінің орындалғандығы туралы жазбаша түрде бірін-бірі хабардар еткен соң 30 кү н н е н к е й і н к ү ш і н е е н е д і .

2. Осы Шарт ол күшіне енгеннен кейін осыған байланысты құқық бұзушылықтар осы сәтке дейін болса да, құқықтық көмек көрсету туралы жолданған барлық

өтініштерге де қолданылады.

3. Кез келген Тарап осы Шарттың қолданылуын тоқтата алады. Тараптардың біреуі Шарттың қолданылуының тоқтатылғандығы туралы ресми жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай өткен соң осы Шарт өзінің қолданылуын тоқтатады.

4. Осы Баптың 3-параграфына сәйкес Шарттың қолданылуын тоқтату туралы хабарлама алғанға қарамастан, Тараптар мұндай хабарламаны алғанға дейін жасалған құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды орындауды жалғастырады.

2003 жылғы "___" _____ екі данада, әрқайсысы қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін Канада үшін